



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

причин снижения рождаемости.

В связи с этим возникает проблема воспитания в семье одного ребенка. Известно предупреждение А. С. Макаренко о том, что воспитание единственного сына или дочери гораздо более трудное дело, чем воспитание нескольких детей. Как правило, родители концентрируют на одном ребенке максимум внимания, оберегают его от всевозможных трудностей, излишне опекают, находясь во власти слепой, неразумной любви. Трудность воспитания одного ребенка в семье, по словам А. С. Макаренко, заложена в отсутствии коллективного воздействия на его личность. К тому же отсутствие сестер и братьев в семье обедняет жизнь ребенка, неблагоприятно сказывается на развитии его эмоциональной сферы, формировании чувств.

Для решения проблем семейного воспитания можно использовать такие методы как: осуществление информационной помощи семье; организация родительских собраний,

По А.М.Макаренко, семья должна быть только коллективом, сплоченным общими интересами и потребностями, общей радостью и общим горем. Отсутствие коллективного опыта формирует у ребенка нравственную пустоту. В то время как правильно организованный семейный коллектив дает опыт общения с близкими и менее близкими людьми, позволяет ребенку узнать ощущение человеческой помощи и человеческой нужды, чувства зависимости, связанности, ответственности.

Вся работа этого Великого педагога, все его творчество представляется сегодня не менее актуальным, чем несколько лет назад. Несмотря на обилие около воспитательских воззрений в наши насыщенные информацией дни, простые и ясные педагогические постулаты, которые Макаренко доказал потом и кровью, остаются основой правильного семейного воспитания. Семья как единый коллектив, со своим укладом, со своими традициями и определенным набором ценностей – вот база для создания правильного со всех точек зрения человека. Невмешательство посторонних, а только силы и желание родителей, заинтересованных в конечном результате, – вот залог успешного воспитания.

Список использованных источников

1. Азаров Ю.П. Семейная педагогика. – М., 1994, 186с.
2. Макаренко А.С. Книга для родителей. – М.: Педагогика, 1983.
3. Сластёнин В.А. Педагогика: учеб. для студ. высш. учеб. заведений / В.А. Сластёнин,
4. И.Ф. Исаев, Е.Н. Шиянов. – 9-е изд. стер. – М.: Академия, 2008.

УДК 342.288:37.035.6 (574)

ЖАСТАРДЫҢ ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМІН ЖЕТІЛДІРУДЕГІ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫНЫҢ ОРНЫ

Мейркулова Аида Бакытбековна

Магистр, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
aida_meirkulova@mail.ru

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму барысында саяси-идеологиялық, мәдени тұрғыдан жаңаруына сәйкес жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру үкіметтің жаңа стратегиялық бағдарламасының басым бағыттарының бірі болып отыр. Оның айқын көрінісінің бірі ретінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын атап өтуге болады. «Мәңгілік ел - әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан өз орнын алатын тәуелсіз мемлекет болып қалу. Яғни, тұрмысы жақсы, ұрпағы ертеңіне сенімен қарайтын бақытты, қуатты ел болу. Бұл мақсатты ақиқатқа айналдырып келетін Мәңгілік елдің ірге тасы қаланды.

Бұл турасында Егемен еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қоғамда қазақ елінің

ұлттық идеясы қандай болуы керек деген сауалдың жиі талқыға түсіп жүргенін естіп жүрмін, біліп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар етіп ұлтты ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол - мәңгілік ел идеясы. Тәуелсіздігімізбен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі мәңгілік елордамызды тұрғыздық. Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ - мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы - Мәңгілік ел»[1],- деді.

«Мәңгілік ел» идеясының бастауы тым тереңде жатыр. Осыдан 13 ғасыр бұрын Тоныкөк абыз «Түркі жұртының мұраты – Мәңгілік ел» деп өсиет қалдырған. YI-IX ғасырларда қазақ жерін мекендеген ұлы түркілердің ардақтайтын моральдық құндылықтары ретінде патриоттық рухтың жетекші орын алғандығын «Тоныкөк» жырындағы Тоныкөктің өмірі мен қызметінен көре аламыз. Жырда түркі халқының тарихы және өсіп келе жатқан ұрпақты ерлік дәстүрінде тәрбиелеу турасында өситеттер айтылады. Мәселен сол жырдағы қағанның кеңесшісі Тоныкөк үшін халық пен Отан даңқы бәрінен жоғары екендігі көрінеді:

«Бүкіл түркі халқына
Қарулы жау келтірмедім,
Атты әскер жолатпадым.
... Еліміз қайта ел болды,

Халқымыз қайта халық болды» [2], - деген өлең жолдарынан патриоттық маңызы зор тағылымды ойды айқын байқаймыз. Өлең жолдары еліміздің жалпыұлттық идеяның тамыры көне тарихтан бастау алғандығын дәлелдейді. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» стратегиясы аясындағы «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы оның заңды жалғасы деп түсіну абзал.

Елбасы бұл орайда Қазақстан жастарына зор міндеттер жүктейді, немқұрайлық танытпастан елжандылық танытып, бұл идеяны жүзеге асыруға, мақсатқа жету жөніндегі жұмысқа белсене қатысуға шашқырды. Себебі бұл Стратегия Қазақстанның кемел келешегі үшін жасалды, жемісін де жеңісін де көретін жастар болғандықтан жастарға мұндай міндеттің жүктелуі әбден орынды. Демек бұл міндетті әр азамат мұқият орындай отырып, мәні мен маңызын өскелең ұрпаққа терең түсіндіруі қашан да керек.

Осы орайда жас ұрпаққа бұл идеяны түсіндіруде мағыналық және мәндік жағына аса назар аударған өте маңызды. Себебі, кез-келген түсінікті талдауда, негізгі рөлді оған берілген анықтама алатыны сөзсіз. Ұлттық идеяны сипаттайтын бұл ұғымның мағыналық жағынан болсын тарихилық жағынан да мәні өте тереңде екені анық. Қазір еліміздегі және түркі елдеріндегі зерттеулерге сүйенсек, «Мәңгі ел» идеясы кезінде түркі мемлекетінің идеологиясы болған. Атақты ғалым Л.Н. Гумилев «Каспий айналасындағы мың жыл» еңбегінде түркілер өздерінің ұлы мемлекетін «Вечный эль» деп атағанын атап өтті [3]. Орхон жазуындағы «беңгу ел» сөзін де қазақ ғалымдары М.Жолдасбеков, А.Аманжолов, Қ.Сартқожаұлы «Мәңгі ел» деп аударып келген. Сонымен қатар мысал ретінде ақын Жұбан Молдағалиевтың "Мен қазақпын, мың өліп, мың тірілген" деген өлең жолдары бұл сөзге мәндік те мағыналық жағынан үндес келіп отырғандай. Сол себептен де тарих беттерінде көрініс тапқан қиын кезеңдерді қайсарлықпен, жігермен жеңе білген Қазақ елінің ұлттық идеясын «Мәңгілік ел» деп атау әбден орынды.

Мәңгілік ел болудың маңызды шартының бірі, әрине, сол елге болашақта

ие болатын, оның мәңгілігін, мәнділігін қамтамасыз ететін жастарды тәрбиелеу. Бүкіләлемдік жаһандану үрдістеріде өз бейнесін жоғалпаған, елінің тарихын құрметтеп, елдігі мен мерейін асқақтатуға дайын жастарды тәрбиелеу Мәңгілік ел ұлттық идеясының түп мақсаты.

Ұлттық идея арқылы құндылықтарымыз бен дәстүрімізді жастарға үйрете отырып, заманауи білім мен технологияны игерту жолында еліміздің ертеңінің беріктігін, биік рухын тәрбиелеу керек. Мұны Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бір сөзінде «Бүгінгі жас бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған, өз ісінің хас шебері ретінде қалыптасқан маман болуы керек. Біздің мамандарымыз ғаламдық интеграциядан шет қалмауы тиіс. Жаңалықтардан ғана

тұратын ғылым мен заманауи технологияға негізделген экономиканы қалыптастыра алған жағдайда ғана біз өз межемізді бағындыра аламыз», [4]- деп атап өтті. Мұндай межеге жету оқу орындарындағы, тіпті балабақшадағы тәрбиеден бастау алатыны сөзсіз. Сондықтан, мәңгілік мемлекет құруда ең бастысы, тәрбие ісі мамандарының рөлі зор болмақ. Бүгінгі аға, орта буын өкілдері жоғарыда айтқандай, келешек жас ұрпақты ұлттық құндылықтарды дамыта отырып, заманауи ғылымға бет бұруға бағыттаулары қажет. Бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі – өз мәдениетін, дәстүрлерін жақсы білетін, өз халқының тарихын құрметтейтін ұрпақ, ұлтын сүйетін, елдің болашағына тірек бола алатын ұрпақ тәрбиелеу.

Мәңгілік ел ұлттық идеясын жүзеге асыру студенттердің патриоттық сезімін жетілдірудің бірден бір жолы деп танымыз. Сол жолдарың бірі ретінде жастарды патриоттыққа елордада көрініс тапқан нысандарды оқып үйренуді атап өткіміз келеді.

Астана қаласының нысандары арқылы студенттердің патриоттық сезімдерін жетілдірудің өзіндік ерекшеліктері бар. Себебі Астананың архитектурасының өне бойында қазақы рух пен түркілік танымды оңай байқауға болады. Мысалға, Астананың бас ғимараты, Ақорданың көк күмбезді болуының өзі шығыстық, мұсылмандық, түркілік, қазақылықтың көрінісі болып табылады. Бас қаладағы «Жер-Ана», «Қазақ елі» монументтері әрбір патриот жастардың бойына жігерлендіреді. Астана қаласы нысандарының маңызымен Астана қаласында еліміздің бас ордасы ретінде жастардың көп бөлігі шоғырланғанын ескерер болсақ патриоттық тәрбиелеудің бұл тәсілі аса тиімді болмақ.

Еліміздің жалынды жастарының шоғырланған жері болғандықтан Астана қаласының нысандарың мағыналық жағы ерекше болуы орынды. Астана даму барысында өзінің ұлттық келбетін қалыптастыруды негізгі бағыттарының бірі ретінде ұстанады. Тарихи қайнарларға бет бұру сол мемлекетте өмір сүретін азаматтардың тарихи жадын, рухани болмысын, патриоттық сезімін қалыптастыруға жақсы ықпал етеді.

Астана қаласының ономастикалық келбеті жылдан жылға жаңарып, ескі және бүгінгі күнгі заманғы Қазақстанның тарихи жаңаруын, замануи келбетін танытуда. Әдебиеттерді саралауда Елордамыздың ономастикалық бет бейнесін ұлттық мазмұнда қалыптастыруда, негізінен алғанда, мынадай мәселелерге айрықша көңіл бөлінгенін айқындадық. Тәуелсіз еліміздің тарихын, мұратын бекемдеу, Қазақстан халқының тұтастығы мен бірлігі идеяларын айқындау мен насихаттау, тарихи сабақтастықты сақтау, Қазақстанның мәдениеті мен мемлекеттік тіліне деген құрметті қалыптастыру, қазақ халқының тарихи рухани бастауларын ұлықтау, патриотизмге баулу. Осындай маңызды идеяларды іске асыру барысында Астана мәртебесін алған уақыттан бері қаланың ономастикалық ажары өзгергенін анықтадық.

Ономастикалық комиссия тарихты қайта жаңғырту, дәріптеу мақсатында көптеген көшелерге қазақ жерінің байырғы атауларын беруді дұрыс деп шешті. Мәселен, сан ғасырлы тарихымыздың қойнауында қалыптасқан Қазығұрт, Абат Байтақ, Саққорған, Ұлытау, Қаратау, Балқантау, Зеренді, Аспара, Тарбағатай т.б. көптеген жер су атаулары көше аттарын иемденді. Бұл атауларды таңдауда да және бекітуде олардың тарихи маңызы және байырғы болмысын сақтай отырып, жастарға тәрбиелік маңызын да ескерген. Сонымен бірге тарихымыздың әр кезеңінде қазақ мемлекетінің астанасы, орталығы болған қалалардың құрметіне елорданың жаңа әкімшілік орталығындағы жаңа көшелер Түркістан, Сауран, Сарайшық, Сығанақ, Орынбор, Ақмешіт, Алматы сияқты атаулаға да ие болған [4]. Бұл таңдауда да үлкен астар жатқаны анық. Яғни тарихта болған ел ордалардың бір шоғырда орналасып, мағыналық пен мәнділік жағынан үйлесімдік беріп тұрғандай.

Астана көшелері мен даңғылдарының тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғалардың есімдері айшықтап тұруы табиғи заңдылық екендігі үнемі басты назарға алынып келеді. Осыны ескеріп қалалық ономастика комиссиясы қала көшелеріне тарихи оқиғаларға қатысты атауларды және тарихи тұлғалардың есімдерін беруді ұйғарған. Атап айтқанда, Қозыбасы, Асанқайғы, Қадырғали Жалайыри, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Сүгір Әліұлы, Ағыбай батыр, Ыбырай Алтынсарин, Қашаған Күржіманұлы, Ықылас Дүкенұлы, т.с.с. Халқымыздың саяси тәуелсіздігі үшін күрескен, ұлтымыздың мәдени рухани деңгейін көтеруге күш салған, мол

шығармашылық мұра қалдырған Алаш қайраткерлерінің есімдері де Астана көшелеріне берілді. Олардың ішінде Алаш қозғалысының көсемдері Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Ғұмар Қараш, Міржақып Дулатов, Мұстафа Шоқай, Мұхамеджан Тынышбаев, Әлімхан Ермеков, Халел Досмұхамедұлы, Уәлитхан Танашев т.б. тұлғалар бар. Халқымыздың сан ғасырлық тарихында батыр, өнерпаз, дана аналардың да орны ерекше. Олардың есімдерін Астана көшелеріне беру бүгінгі ұрпақтың бойына имандылық, мейірім, адамгершілік сезімдерін ұялататыны сөзсіз. Осындай үлгілі өнегелі мақсатты көздеп бірқатар көшелер Жұбан ана, Домалақ ана, Қарашаш ана, Айша бибі, Ұмай ана, Тұмарханым, Күйші Дина, ақын Сара, Ұлбике сияқты белгілі тұлғалардың есімдерін иеленген. Жастарға аталып өткен есімдерді тек көше аты ретінде қабылдамай, әр көше атауын айтқанда белгілі бір білім беріп, берілген ақпаратты тану арқылы олар өздерінің тарихи мұрасына құрмет көрсету екенін сезіндіру патриоттыққа тәрбиелеудің бірден бір жолы болмақ.

Елорданың өркендеуі еліміздің өркендеуінің белгісі. Сол себепті бас қаланың жаңадан қаланып жатқан іргетасының берік болуы да мемлекетіміздің болашаққа нық сеніммен жасар қадамының нағыз кепіліне айналмақ. Келер ұрпақтың да, жастардың да болашағы айқын болуы үшін, сол болашақты құрайтын негізгі қауым болғандықтан оларда Еліне деген сүйіспеншілік яғни патриоттық сезімдерін осы Астана арқылы, ондағы патриоттық бағыттағы нысандар арқылы жетілдіру өте маңызды болып табылады.

Жастарға үнемі Отанға деген сүйіспеншілік өз елін, туған, жерін құрметтеуден, қадірлеуден басталатынын ұғындырып, Астана қаласы арқылы олардың бойында елін тарихын тереңірек тануға ынталандыру, өз елі үшін адал қызмет етуге деген жігерлендіру керек. Ал бұл мақсат еліміздің елдігін нығайтуға бағытталған «Мәңлік ел» ұлттық идеясының да негізі мақсаты болып табылады.

Қолданылған әдебиет

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар
2. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі («Диуанилұғатит-түрк»). – Алматы:
3. «Анатілі», 1993. – 192 б.
4. Назарбаев Н. Еуразия жүрегінде [Мәтін] /Назарбаев Н. – Алматы:
5. Атамұра, 2005. - 192 б.
6. Ж.Саухат. Астана. Астана кітапханасы. –Астана: “Astana Pro”, 2012.
7. Назарбаев Н.Ә. Бейбітшілік кіндігі/ Н. Ә.Назарбаев. – Астана: Елорда, 2001. – 304 б.
8. Касымбаев Ж.К., Агубаев Н.Ж. История Акмолы: XIX–началоXX
9. века: исследования, источники, комментарии [Текст] / КасымбаевЖ.К., АгубаевН.Ж. – Алматы: Жеті жарғы, 1998. – 176 с.
10. Гумилев Л.Н. Көне түріктер. Алматы.- Білім-1994-480б.

УДК335 ББК 65.291-9

ӨЗІН – ӨЗІ ТАНУ РУХАНИ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ТҮП ҚАЗЫҒЫ

Мүбаракова Динара

diko_1998_love@mail.ru

М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі, Семей, Қазақстан

Ғылыми жетекші: А.К.Нурланова

Көшпенді ата-бабаларымыз ұрпақ тәрбиесіне қатысты жайттарды топтастырғанда да ғылым үшін аса маңызды жүйелік принципке ерекше мән берген. Осы айтылғанға орай жас буын тәрбиесін бесіктен (тіпті, құрсақта жатқан кезден) бастап бұларды ақыл-ой, имандылық, еңбек, көркемдік, сымбаттылық секілді сан салаға жұптастырған. М.Әуезовтың: